



Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1808. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.12.27. N 1658 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 120 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 11 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар

министрлігі үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1101 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1101 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 маусымдағы N 792 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1808 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар
министрлігі орталық аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Мемлекеттік экологиялық бақылау бас басқармасы

Биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өндіріс және пайдалану жөніндегі бас басқарма (Қазбасбиоресурс)

Мемлекеттік экологиялық сараптама басқармасы

Экологияның ғылыми-техникалық проблемалар және халықаралық жобалар басқармасы

Табиғатты пайдалануды жоспарлау, экономика және нормативтер басқармасы

Қаржы басқармасы

Ұйымдастыру-заң бөлімі

Кадр және арнайы жұмыс бөлімі

Жалпы бөлімі